

Келісемін:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.А. Зейнуллина

29.08 2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:

Жем қаласының №5 ЖББОМ мектеп директоры:

А. А. Жакасов

29.08 2024-2025 оқу жылы

**Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының жоспары
10 сынып**

Сынып жетекшісі: Касимова Г.Т.

2024-2025 оқу жылы

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар

үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен

әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;

жаңа идеяларды ұсыну;

заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;

мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру

барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

- «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

- «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

- «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

10- сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	--------------------------------------	---------------	------------	-----------------

	тақырыптары			
I тоқсан				
1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) <u>02-06.09.2024ж.</u>				
1	1 қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным Қазақстан» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ: «Жедел қызмет телефон нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.09.24ж.
2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! <u>09-13.09.2024ж.</u>				
2	«Мен және менің отбасым» / Жол қауіпсіздігі «Жүргіншілер қауіпсіздігі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: «Өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді білу құқықбұзушылықтардан аулақ болуға қалай көмектеседі?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.09.24ж.
3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай) <u>16-20.09.2024ж.</u>				
3	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ: «Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.09.24ж.
4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) <u>23-27.09.24ж.</u>				
4	«Еңбек түбі береке» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ «Бейтаныс адамдарға жеке фотосуреттерді жіберу қауіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.09.24ж.
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! <u>30.09-04.10.24ж.</u>				
5	«Сыбайлас жоқорлықсыз әлем» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ «Көліктегі қауіпсіз мінез -құлық: автомобиль,	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.10.24ж..

	автобус, пойыз, ұшақ»			
2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! <u>07-11.10.24ж.</u>				
6	«ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері» / «Даналық ұстаздан» челленджі <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ «Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан қорқу керек пе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.10.24ж.
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады! <u>14-18.10.24ж.</u>				
7	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ «Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде таратқаны үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.10.24ж.
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім! <u>21-24.10.24ж.</u>				
8	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 8-САБАҚ «Онлайн ойындардың қауіптілігі және интернетке тәуелділік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.10.24ж.
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым! <u>04-08.11.24ж.</u>				
9	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ «Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жеке шекараларды қорғау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.11.24ж.
2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ! <u>11-15.11.24ж.</u>				
10	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «<u>Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны</u>» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ «Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.11.24ж.
3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі <u>18-22.11.24ж.</u>				

11	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 11-САБАҚ «Жедел қызмет телефон нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.11.24ж.
4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! <u>25-29.11.24ж.</u>				
12	«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 12-САБАҚ «Өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді білу құқықбұзушылықтардан аулақ болуға қалай көмектеседі?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.11.24ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады <u>02-06.12.24ж.</u>				
13	«Дін және терроризм Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 13-САБАҚ «Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.12.24ж.
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді <u>09-13.12.24ж.</u>				
14	«Буллингтен қорған!»\ «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 14-САБАҚ «Бейтаныс адамдарға жеке фотосуреттерді жіберу қауіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.12.24ж.
3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас <u>16-20.12.24ж.</u>				
15	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 15-САБАҚ «Көліктегі қауіпсіз мінез -құлық: автомобиль, автобус, пойыз, ұшақ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.12.24ж.
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған <u>23-27.12.24ж.</u>				
16	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы «Таңғажайып жаңа жыл» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16- САБАҚ «Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.12.24ж.

	қорқу керек пе?»			
ІІІ тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар 13-17.01.25ж.				
17	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 17-САБАҚ «Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде таратқаны үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.01.25ж.
3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы 20-24.01.25ж.				
18	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 18- САБАҚ «Онлайн ойындардың қауіптілігі және интернетке тәуелділік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.01.25ж.
4-апта дәйексөздері: Әділет жолы- адал жол 27-31.01.25ж.				
19	«Арам мен адал, обал мен сауап – ұлтымыздың ұстанымы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 19- САБАҚ «Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жеке шекараларды қорғау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.01.25ж.
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге 03-07.02.25ж.				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 20-САБАҚ «Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.02.25ж.
2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала 10-14.02.25ж.				
21	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.02.25ж.

	№ 21-САБАҚ «Жедел қызмет телефон нөмірлері»			
3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер 17-21.02.25ж.				
22	Қауіпсіз қоғам «Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 22-САБАҚ «Өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді білу құқықбұзушылықтардан аулақ болуға қалай көмектеседі?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.02.25ж.
4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы 24-28.02.25ж.				
23	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ «Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.02.25ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы) 03-07.03.25ж.				
24	«Алғыс – ізгі ниет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 24-САБАҚ «Бейтаныс адамдарға жеке фотосуреттерді жіберу қауіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.03.25ж..
2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік 10-14.03.25ж.				
25	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Ананың аялы алақаны» челленджі \ Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына шеберлік сабақ <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 25- САБАҚ «Көліктегі қауіпсіз мінез -құлық: автомобиль, автобус, пойыз, ұшақ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.03.25ж.
3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады 17-21.03.25ж.				

26	«Наурыз – жыл басы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 26- САБАҚ «Жасанды интеллект адамнан асып түсе ала ма, одан қорқу керек пе?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.03.25ж.
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы <u>2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні</u> <u>7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні</u> <u>12 сәуір – Ғылым күні</u> <u>15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні</u> <u>18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні</u> <u>23 сәуір – Ұлттық кітап күні</u>				
1-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең 01-04.04.25ж.				
27	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Көңілді старттар» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 27- САБАҚ «Жалған ақпаратты, оның ішінде желіде таратқаны үшін жауапкершілік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.04.25ж.
2-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай) 07-11.04.25ж				
28	Өмірге салауатты қадам <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 28-САБАҚ «Онлайн ойындардың қауіптілігі және интернетке тәуелділік»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.04.25ж.
3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи) 14-18.04.25ж.				
29	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №29-САБАҚ «Интернеттегі және әлеуметтік желілердегі жеке шекараларды қорғау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.04.25ж.
4-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар 21-25.04.25ж.				
30	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 30-САБАҚ «Сізге қатысты жағымсыз сөздерге жауап берудің тиімді стратегиялары»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.04.25ж.

5-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер 28.04-02.05.2025ж.				
31	«Ынтымақ- достық кепілі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 31-САБАҚ: «Жедел қызмет телефон нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.04.25ж.
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ 05-09.05.25ж.				
32	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ «Өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді білу құқықбұзушылықтардан аулақ болуға қалай көмектеседі?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.05.25ж.
2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ 12-16.05.25ж.				
33	Қауіпсіз қоғам <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 33-САБАҚ «Табыстың күмәнді түрлері, қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.05.25ж.
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 19-23.05.25ж.				
34	«Білімім – Отаныма!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 34-САБАҚ «Бейтаныс адамдарға жеке фотосуреттерді жіберу қауіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.05.25ж.